

«8D02303 - Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Дүйсен Қуатбек Қонысбайұлының «Тарихи мәтіннің лингвокогнитивтік аспектісі («Қырымның қырық батыры» жыры негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШҚІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	«Тарихи мәтіннің лингвокогнитивтік аспектісі («Қырымның қырық батыры» жыры негізінде)» тақырыбында орындалған диссертация Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес дайындалған. 1) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.5 Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. 5.3.6 Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы); 2) Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы); 5) Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы ЖҒТК бекіткен ғылым дамуының 5. «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер 27.04.2016 ж.).

2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертанттың қазақ аңыз-әңгімелер тілін оқытудың лингвомәдени және когнитивті аспектілерін зерттеу арқылы «әлемнің тілдік бейнесі», «когнитивтік құрылым», «лингвомәдени бірлік», «аялық білім», «мәдени код», «құндылықтар жүйесі», т.с.с. ұғымдарға тереңірек талдау жасап, оларды білім алушылардың тілдік санасына сіңіру қажеттілігін көрсеткен. Халық ауыз әдебиетінің үлгісі – аңыз-әңгімелер арқылы тілдің ақиқат болмыс туралы аялық білімді сақтап, жеткізуші ретіндегі қызметін айқындаған. Яғни қазақ халқының аңыз-әңгімелерін жаңаша сипаттап, лингвомәдени және когнитивтік тұрғыдан зерттей отырып, тілдің таңбалар жүйесі арқылы берілген ұлттық-мәдени бірегейлігін анықтаған. Аңыз-әңгімелер мәтіндерін лингвомәдени бірліктердің мол қоры ретінде қарастырған және білім алушыларға халықтың мәдени құндылықтары, тұрмыс салты, дәстүрлері, тарихи оқиғалары мен географиялық ерекшеліктері туралы ауқымды ақпарат беретін дереккөз ретінде дәйектеген. Соның негізінде қазіргі қазақ тілінің сан ғасырлық тарихын, фольклор тілімен сабақтастығын дәйектеген. Бұл тұрғыдан алғанда, зерттеу жұмысының маңызы зор. Диссертация тіл білімі мен тілді оқыту саласына елеулі үлес қосады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары;	Диссертанттың жазу деңгейі жоғары, академиялық жазу қағидаттары мен стилін

4.	Ішкі бірлік принципі	2) орташа;	менгерген, өзіндік сыни пікірі бар, ғылыми тілі жатық. Өзінің жеке пайымдауларын бере отырып, ғылыми ережелерді тұжырымдап, зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдей алған. Диссертанттың қорғауға ұсынып отырған тұжырымдары – зерделеген және жариялаған жұмыстарының нәтижесі болып табылады (13 бетте)
		3) төмен;	
		4) өзі жазбаған.	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығымен негізделген (7-10-беттер). Зерттеудің өзектілігі тіл мен адамның өзара әсерін зерттейтін заманауи лингвистикадағы қазіргі антропоөзектік бағыт аясында «Қырымның қырық батыры» жырының тілін халықтың танымы мен мәдениетін танытудағы маңызын айқындаумен, мәтін лингвистикасымен сабақтастықта терең зерделеумен және фольклор тілін мемлекеттік тілдің түп негізі ретінде зерттеумен байланыстырылған. «Қырымның қырық батыры» жырын сипаттай отырып аталмыш тақырыптың зерттеу өзектілігін: 1) «Қырымның қырық батыры» жырын когнитивтік лингвистикалық, кешенді текстологиялық тұрғыдан зерттеудің өзектілігімен; 2) «Қырымның қырық батыры» жыры мәтініндегі қару-жарақ атаулары мен әскери терминдер заманауи лингвистика тұрғысынан талданбағандығымен; 3) «Қырымның қырық батыры» жырында кездесетін ономастикалық атаулар заманауи антропоөзекті парадигма аясында жүйелі түрде аз зерттелгендігімен; 4) «Қырымның
		1) негізделген;	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	

			қырық батыры» жыры мәтінінде кездесетін түрлі әдістемелік ақпараттарды когнитивтік лингвистика құралдарының көмегімен зерттеудің өзектілігімен зерттеудің маңыздылығын көрсеткен.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертация мазмұны диссертация таақырыбының мәнін толық ашады және қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдар зерттеу жұмысының мазмұнына сай жүзеге асырылған (10-12-беттер).
		1) айқындайды;	Диссертация тақырыбы да, оның ішкі мазмұны қазақ аңыз-әңгімелер тілін оқытудың лингвомәдени және когнитивті аспектілерін ашуға бағытталған. Бұл мәселені шешу үшін ең алдымен қазақ аңыз-әңгімелерінің зерттелу тарихын, олардың жанрлық ерекшелігі мен түрлерін ғылыми тұрғыдан талдап, аңыз-әңгіме мәтіндерінің танымдық және тәрбиелік маңызын жан-жақты қарастырған. Қазақ аңыз-әңгімелерінің ұлттық ерекшелігін айқындай отырып, оларды халқымыздың рухани-мәдени деректерін бойына жинаған мәдени мұра ретінде зерттеген. Аңыз-әңгімелер тілінде кездескен заттық-мәдени және рухани-мәдени деректі тілдік таңбалардың аксиологиялық құрылымын айқындап, оларды оқытудың ерекшелігін теориялық тұрғыда дәйектеуге тырысқан.
		2) ішінара айқындайды;	«Қырымның қырық батыры» жырындағы лингвокогнитивтік талдауға түскен бірліктердің құндылықтық сипаты мен танымдық аспектілерін тереңірек талдай
		3) айқындамайды.	

			отырып, олардың теориялық негіздерін жан-жақты зерттеген. Ұлттық-мәдени кодты сақтаушы бірліктердің лингвомәдени және когнитивтік құзыреттілігін қалыптастырудағы рөлін айқындаған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – тарихи мәтіндегі когнитивтік құрылымдардың сипатын «Қырымның қырық батыры» жыры материалында айқындау. Осыған сәйкес зерттеудің ғылыми болжамын жасаған.
		1) сәйкес келеді;	Зерттеудің мақсаты мен ғылыми болжамы бойынша диссертант ғылыми-әдіснамалық қағидаларды айқындап, зерттеуге дейін жарияланған еңбектер мен жүргізілген зерттеулерді мақсатына қарай жүйелеген, мағыналық талдау жасаған және ғылыми тұрғыда негіздеген.
		2) ішінара сәйкес келеді;	Әлемдік және отандық филологиялық зерттеулердің мақсатын саралап, Қырымның қырық батыры» жырының тілін зерттеудің мақсат-міндетімен салыстырған. Жырдағы лингвомәдени бірліктерді айқындап, олардың халықтың ұлттық сипаты мен мәдени деректерін тасымалдаудағы танымдық, тәрбиелік және әлеуметтік қызметін зерделеген.
		3) сәйкес келмейді.	Тарихи мәтіндегі антропонимдер мағынасының когнитивтік-семантикалық қабаттарына талдау жасалып, аталған тарихи кезеңдегі кісі есімдеріне қатысты үдерістер айқындалды. Кейбір топонимдерге қатысты танымдық ақпарат анықталып, топонимдерді біріктіретін ортақ семантикалық белгілер

			нақтыланды. Этнонимдердің когнитивтік-семантикалық мағынасы ашылып, диахронды аспектіде талдаған. Зерттеу жұмысының мақсат-міндеті диссертация тақырыбына сәйкес келеді әрі жұмысты жазу барысында зерттеуші мақсат-міндетіне толық қол жеткізген.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және 15 қосымшадан құралған. Бірінші бөлімде «Қырымның қырық батыры» жырының әдебиет тарихындағы орны, жзылынып алуы, авторы, бірнеше нұсқаларының болуы, жырдың текстологиясы, жырдың кеңес дәуірі кезіндегі жарияланым деңгейі, халықтың таныс болуы, зерттелуі, сонымен қатар қазіргі зерттеулер аясындағы орны, зерттелу бағыттары сөз болады. Диссертацияның екінші бөлімінде «Қырымның қырық батыры» жырындағы ономастикалық кеңістіктің лингво-когнитивтік сипаты сөз болады. Ономастикалық кеңістік жырда кездесетін антропонимдер мен топонимдердің номинативтілігін лингвистикалық және когнитивтік тұрғыдан сипаттап жазады. Жырдағы адам есімдерінің қазақ дүниетанымына сай екендігі, сөзжасамдық сипаты, сонымен қатар олардың прагматикасы толық қарастырылып, аанықталған. Жер-су атауларының антропонимикамен байланысы – қазақтың
		1) толық байланысқан;	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	

			когнициясына сай келетін, топонимикалық дүниетанымынан хабар беретінін талдап жазған. Диссертацияның үшінші бөлімінде тарихи жырдағы әскери кеңістікті қару-жарақ атауларымен, олардың номинативтік сипатын лингвистикалық және когнитивтік тұрғыда зерттеп жазады. Қару-жарақ атауларын негізгі қызметтерімен байланысты туындағанын, соған сәйкес халықтың тілдік бейнеге атау беру дүниетанымы көрінетіндігін тереңнен сипаттап жазады. Әскери терминдер мен гиппонимдердің ортағасырлық таным шеңберіндегі когнитивтік-прагматикалық аспект тұрғысынан зерттелуі үшінші бөлім тақырыптарының өзара логикалық байланыста қарастырылғанын көрсетеді. Қорытындылай келе, диссертацияның үш бөлімі өзара ішкі бірлікте зерттеудің жүйелі, жинақы жұмыр зерттеу екенін айқындайды.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Диссертанттың өзіндік пікірін білдіретін сыни талдаулар бар. Дүйсен Қуатбек Қонысбайұлы ұсынып отырған жаңа шешімдер, қағидаттар, әдістер диссертациялық жұмыста дәлелденіп, бұрыннан белгілі тұжырымдармен салыстырылып, сыни тұрғыдан талдаулар жасалған. «...жырдың тарихилығын диахронды лингвистика, соның ішінде когнитивтік лингвистика тұрғысынан пысықтау маңызды санаймыз» (43-бетте) деген пікірі, «Біздің
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	

			пайымдауымызша ҚҚБ жырындағы кісі есімдерінің түркіден мұсылман есімдеріне өтуге жыр оқиғалары орын алған кезеңдегі исламдану құбылысының көрінісі болу керек. Когнитивтік тұрғыдан бұл өзгеріс ортағасырлық қоғам санасындағы бетбұрыспен түсіндіруге болады. Қоғам құндылықтарының өзгеруі тілдік санадағы өзгерістерге әкеп соғады. Аталған өзгерістер жыр мәтінінде антропонимика деңгейінде көрініс берген секілді» (72-бетте) деген сыни талдаулары зерттеудегі диссертанттың жеке көзқарастарын білдіреді. Ғылыми ізденіс нәтижесінде қол жеткізген ғылыми-теориялық тұжырымдар қазақ тіл білімі теориясының этнолингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика, лингвофольклортану, лексикология салаларын теориялық тұрғыдан одан әрі байыта түседі. Жыр тілінде кездесетін лингвомәдени бірліктер лингвокогнитивті өзекті мәселелерді шешуге бағыт-бағдар беретін теориялық нұсқау бола алады.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа. Диссертант зерттеу барысында өзіндік талдаулар жасап, тың тұжырымдар ұсынған.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеуде алынған қорытындылар толығымен жаңа.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	

		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін қолданылатын техникалық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық қорытындылар, негізгі пайымдаулар мен тұжырымдар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Зерттеу барысында басты дереккөз ретінде «Қырымның қырық батыры» жырында кездесетін лингвомәдени бірліктер жинақталған. Жыр мәтіндерінде қолданылған ономастикаға (антропоним, гидроним, топоним, онимдер), қару-жарақ атауларына сапалық зерттеу әдісі бойынша лингвомәдени және концептуалдық талдау жасаған. Диссертант жыр мәтіндерінде кездескен тілдік бірліктерге сапалық және сандық талдау жасап, оқырманның лингвомәдени, когнитивтік құзыреттіліктерін қалыптастыратын, кәсіби мотивациясын күшейтетін тиімді құралы ретінде саралаған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	- тарихи жырдың дастандары когнитивтік құрылымдар арқылы өзара байланысып, біртұтас мазмұн құрады. Тарихи жыр құрамына енген отыз алты дастанды өзара байланыстыратын когнитивтік құрылымдар бар. Аталған құрылымдар мәтін мазмұнын біртұтас етіп, жырды бүтін
		7.1 Ереже дәлелденді ме?	
		1) дәлелденді;	
		2) шамамен дәлелденді;	
		3) шамамен дәлелденбеді;	
		4) дәлелденбеді;	

	5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	когнитивтік құрылым ретінде қарастыруға мүмкіндік береді; - тарихи мәтіндегі антропонимдер, топонимдер және этнонимдер мағынасының когнитивтік-семантикалық қабаттары аталған кезеңдегі ономастикаға тән үдерістерді әлеуметтік аспектіде көрсетеді. Атап айтқанда, антропонимдердің танымдық қабаттарында Алтын орда заманында орын алған реисламизация құбылысы сипатталған. Топонимдерге қатысты когнитивтік құрылымдар ортағасырлық кезеңнен бері Арал-Каспий өңірінде болған миграция ағындары мен саяси өзгерістерге қарамастан, жыр мәтініндегі географиялық атаулардың бастапқы қалпының сақталуымен ерекшеленеді. Этнонимдерде қатталған когнитивтік ақпарат Алтын орда дәуіріндегі политонимдерге тән мағыналық қабаттарды сақтап қалған. Сондай-ақ хронологиялық тұрғыдан кейінірек болған Жоңғар шапқыншылығы, Ресей империясының отарлау саясаты сияқты оқиғалардың этнонимдер мағынасында терең ізін қалдырғаны анық байқалады; - тарихи мәтіндегі атақ және лауазым атауларының когнитивтік құрылымы әлеуметтік аспект шеңберінде көптеген тарихи қабаттарды қамтиды. Атақ және лауазым атауларының мағыналық қабаттарында Алтын орда дәуіріне тән
	7.2 Тривиалды ма?	
	1) ия;	
	2) жоқ;	
	3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
	7.3 Жаңа ма?	
	1) ия;	
	2) жоқ;	
	3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
	7.4 Қолдану деңгейі:	
	1) тар;	
	2) орташа;	
	3) кең	
	4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
	7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
	1) ия;	
	2) жоқ	
	3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	

			когнитивтік ақпарат басымдыққа ие. Бұл ақпаратқа синкреттілік тән. Себебі атақ және лауазым атаулары Алтын орда дәуіріне дейінгі тарихи кезеңдерге қатысты когнитивтік ақпаратты да қамтыған. - тарихи мәтіндегі қару, жарак атаулары және әскери терминдердің когнитивтік-прагматикалық мәні соғыс эволюциясы аспектісінде XIV-XVI ғасырларға тән соғыс қимылдары мен соғысу тәсілдерін сипаттайды.
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертациялық жұмыстың әдістемесін таңдау сапалы негізделген, қолданылған зерттеу әдістері диссертациялық жұмыстың сәйкес тарауында нақты сипатталған. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында мәтінді бастапқы өңдеу кезеңінде лексикалық бірліктерді формалды белгілері бойынша жинақтау үшін мәтінді «қазбалау» (text mining), іріктеу және топтау әдістері қолданылған. Жинақталған лексикалық бірліктердің мәтін ішіндегі сандық, сапалық көрсеткіштерін анықтау үшін дерекқор құрудың сандық және сапалық әдістері, статистикалық талдау әдісі, соның ішінде дескриптив тәсілі қолданылған. Тілдік бірліктерді лексика-семантикалық белгілері негізінде категориялау үшін семантикалық үшбұрыш, сипаттау, салыстыру әдістері және тарихи-салыстырмалы, социометриялық талдау әдістері қолданылған. Қару-жарак атауларына және антропонимдерге қатысты
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия;	
		2) жоқ.	

			тілдік бірліктердің функционалдық-семантикалық ерекшелігін анықтап, іштей жіктеу үшін когнитивтік карталау (cognitive mapping) әдісі пайдаланылған. Тілдік бірліктердің жоғарыда аталған белгілері бойынша реляциялық дерекқор басқару жүйесіне негізделген дерекқорлар құрастырылған. Дерекқорларды құрастыру үшін жинақтау, жүйелеу әдістері, тілдік бірліктердің когнитивтік құрылымын талдау үшін контекстік талдау, аналогия құру, кешенді талдау әдістері қолданылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертация нәтижелері бойынша мониторинг жасалған, кестеге түсірілген, мәліметтер сурет арқылы көлемді деректерді көрнекілендіруге арналған Gephi бағдарламасы арқылы жасалған
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Қосымшалардағы дерекқорлар қазіргі заманауи тәсілмен компьютерлік технологияны пайдалана отырып, түзілген. Әскери қару-жарақ үрлерін қызметтеріне қарай жіктемесін жасаған, өзара байланысты концептуалды кестеге орналастырған.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертациялық жұмыста пайдаланылған

			әдебиеттердің жалпы саны – 154.. Р. Сыздық, Қ. Өмірәлиев, Е. Жұбанов, Қ. Жаманбаева, Ж. Манкеева, Э. Оразалиева, Б. Нұрдәулетова, Қ. Рысберген, Б. Сүйеркүл, Н. Базылхан, А. Сейітбекова, Г. Мамырбекова, Н. Әшімбаева, Ж. Есеналиева, Б. Қасым; шетелдік зерттеушілерден: Л. Витгенштейн, В. Жирмунский, Дж. Лакофф, Е. Кубрякова, Ф. Түркмен, М. Арыкан, Э. Рош, У. Крофт, Н. Бирай, А. Дуранти, С. Хартманн, Б. Өзкан-Налбант, А. Бергс, Қ. Шахрияр және тіл білімі, когнитивтік ғылымдар, антропология, психология, түркология салаларындағы мамандардың тарихи мәтіннің когнитивтік құрылымына қатысты зерттеулеріндегі пікірлері мен тұжырымдары негізге алынған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторларды, қазақ жырларын, электрондық дереккөздерді қосқанда 154 әдебиет көзі қолданылған және барлығына сілтемелер диссертациялық жұмыстарды ресімдеуге арналған талаптарға сай көрсетілген.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертациялық жұмыс барысында жасалған теориялық тұжырымдар мен пайымдаулар лингвофольклортану, лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика, этнолингвистика, т.б. тіл білімі салалары мен қазақ тілін оқыту әдістемесінің ғылыми-теориялық негіздеріне және аталған ғылым салаларының теориялық мәселелерінің фундаменталды дамуына
		1) бар ; 2) жоқ.	

			елеулі үлес қосады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары :	Зерттеу материалын сөздік түзу барысында (қазақ фольклоры сөздігін құрастыруда, тезаурус сөздік жасауда, этнолингвистикалық, лингвомәдени сөздіктер құрастыруда) пайдалануға болады. Сондай-ақ жоғары оқу орындарының филологиялық білім беретін мамандықтарда халық ауыз әдебиеті, фольклортану мәселелері қазақ тілінің тарихы, лингвофольклортану, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттануға арналған пәндерден дәріс оқу барысында, элективті курстарда қолдануға болады.
		1) ия ;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Зерттеу барысында мақсат-міндетіне қол жеткізген, тұжырымдары нақты, бай материалмен дәйектелген. Жұмыстың соңында 15 қосымша берілген: Берілген қосымшалар жұмыстың практикалық маңызын арттыра түседі. Жинақталған материалдарды сөздік ретінде шығаруға, сонымен қатар лингвомәдени тілдік бірлік ретінде әдебиетті, тарих пәндерін оқытуда қолдануға болады.
		1) толығымен жаңа ;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде. Ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай жазылған. «Қырымның қырық батыры» жыры тілінде кодқа салынған ұлттық (тарихи, әлеуметтік, рухани, тәлімдік) құндылықтар мен лингвомәдени бірліктердің, концептілердің талдануы дұрыс ресімделген..
		1) жоғары ;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		1. Диссертацияның өзектілігін айқындау

			кезінде әдістемелік ақпарат термині қолданылады. Оның ұғымы зерттеуде ашылып көрсетілмейді. Әдістемелік ақпаратқа берілген анықтамалық та диссертация тақырыбына қатысты анықталмаған. 2. Тақырыпқа қатысты тарихи мәтіндердегі жекелеген тілдік бірліктерге емес, тарихи мәтіннің лингвистикалық және когнитивтік қыры тұтастай алынып, қарастырылғаны жөн болар еді. Бұл ұсыныстар диссертациялық зерттеудің қазіргі мән-мазмұнына, теориялық, практикалық құндылығына нұқсан келтірмейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Зерттеу жұмысында төмендегідей мақалаларына сілтеме жасалған: 1 Duysen Q. et al. Intricate Genealogies: What Is Said in the Epic Poem about Nogay People? // Milli Folklor. - 2024. - vol. 18, no. 143, pp. 111-22, doi:10.58242/millifolklor.1244339. 2 Kyuchukov H. et al. From Russian monolingualism to Kazakh bilingualism: narratives and theory of mind. // Intercultural Education, - 2025. 1–10. https://doi.org/10.1080/14675986.2025.2463256. 3 Дүйсен Қ., Сүйеркүл Б. О значении пера на головном уборе из сказания о сорока ногайских батырах // Материалы II Международной научной конференции, приуроченной к 955-летию со времени написания труда «Кутадгу Билиг» Жусупа Баласагына / ред. Абдырахманов Т., Бочаров

			С. Бишкек-Барнаул: Издательство Алтайского государственного университета, 2024. С. 321–326. 4 Дүйсенов Қ., Сүйеркүл Б. «Қырымның қырық батыры» жырында кездесетін ұйқас есімдер құбылысы // Международная научная конференция «Актуальные научные исследования в современном мире». Переяслав, 2021. Т. 8, № 5(73). С. 145–151. 5 Дүйсенов Қ., Сүйеркүл Б. Названия укреплений и фортификационных сооружений в тексте сказания о сорока степных богатырях//International Conference on Modern Linguistics and Foreign Language Teaching. Almaty: A. Baytursynuly Institute of Linguistics, 2021. P. 14–20. 6 Дүйсенов Қ., Сүйеркүл Б. «Қырымның қырық батыры» жырындағы «мырза» сөзі лексикалық мағынасының экстралингвистикалық факторларға байланысты түрленуі // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. 2019. № 5. Б. 261–264. 7 Дуйсенов К., Қажыбек Е. Қырымның қырық батыры «Нұрадын» жырындағы кейбір діни тілдік бірліктерге лингвокогнитивтік талдау // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. 2019. № 2 (78). Б. 166–169. 8 Дуйсенов К. Қырымның қырық батыры «Едіге» жырында кездесетін «құс бағушы» тілдік бірлігінің мағыналық ерекшелігі // Международная научно-практическая конференция «Вестник института».
--	--	--	--

			Пенджикент: Таджикский педагогический институт, 2019. С. 470–472.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Дүйсен Қуатбек Қонысбайұлының «8D02303 – Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша дайындаған «Тарихи мәтіннің лингвокогнитивтік аспектісі («Қырымның қырық батыры» жыры негізінде)» атты диссертациясына оң пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық

университетінің профессоры м.а.

филология ғылымдарының кандидаты

Қолы
Подпись
Растаймын: «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ HR қызметі
Заверено: НАО «Казахский национальный женский педагогический университет» HR служба

Ғ.Б. Шойбекова